

«Бекітемін»

Мектеп директоры: А.К. Кулунтаев

Педагогикалық кеңестің №1 хаттамасы

«29» тамыз 2024 жыл



Тексерілді: С. Алманиязова

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: С. Алманиязова

Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша

2024-2025 оқу жылына арналған

ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫ

5 «Ә» сынып

Сынып жетекшісі: К.Жоламанова

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ»

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді. Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес Біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұны жаңартылды. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басты идеясына айналды.

Бағдарламаның мақсаты:

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

Бағдарлама мазмұны:

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
Қаңтар – заң және тәртіп айы;
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

Жалпы орта мектеп түлегі:

халықпен/ мемлекетпен бірлікті және өз мемлекетінің дамуы үшін жеке жауапкершілікті түсіну;
ұлттық және мәдени бірегейлікті түсіну;
мемлекеттің тарихи және мәдени мұрасын, дәстүрлерін, мерекелерін құндылық ретінде бағалау;
мемлекеттік тілді жетік меңгеруге және оны белсенді қолдануға ұмтылу;
отандық және әлемдік мәдениетті танудың құралы ретінде оқуға деген тұрақты қызығушылық;
Отанын қорғауға дайын болу, халық пен мемлекеттің егемендігі мен қадір-қасиетін дәлелді түрде қорғай білу.

Құндылық: бірлік және ынтымақ

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

Жалпы орта мектеп түлегі:

әлеуметтік, іскерлік және ресми контексте жалпы және ұлттық этикет нормаларын қолдану;
ортақ мақсатқа жету үшін басқалармен бірлесіп әрекет ету және өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындау;
басқа адамның сезімін және эмоционалды жай-күйін түсіну;
қоғамның игілігіне, қоршаған ортаны қорғауға және адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған іс-әрекеттер мен шешімдерде қоғам алдындағы міндеттерді жүзеге асыру және орындау;
мектептегі және мектептен тыс іс-шаралар мен волонтерлік қызметте басқаларға көмектесуге және қоғамдық пайдалы істерге қатысуға дайын болу.

Құндылық: әділдік және жауапкершілік

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

Жалпы орта мектеп түлегі:

нәсіліне, жынысына, жасына, дініне және басқа да ерекшеліктеріне байланысты кемсітусіз барлық адамдар үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қағидаттарын басшылыққа ала білу;
әр адамның еңбегін мен қадір-қасиетін әділ бағалау, оның жеке басына құрмет көрсету және қарым-қатынаста сыпайылық таныту қағидаттарын басшылыққа ала білу;

қаржылық, материалдық және уақыт ресурстарын ұтымды және ұқыпты қолдану;
белгіленген стандарттардың, нормалар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ету және оған сәйкес әрекет ету;
тапсырманы жоспарланған мерзімге сәйкес уақытылы және сапалы орындау.

Құндылық: заң және тәртіп

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

Жалпы орта мектеп түлегі:

өз ойларын, эмоцияларын және мінез-құлқын бақылау, қоғамдық игілік мүддесі үшін күнделікті жағдайларда белгіленген ережелер мен рәсімдерді, үйлесімді әлеуметтік қатынастарды сақтау;
моральдық принциптер мен нормаларды және оқу-танымдық іс-әрекеттегі адал мінез-құлықты ұстану;
тұрақты даму принциптерін өмір салтына айналдыру, баламалы энергия көздерін пайдалану, табиғи ресурстарды үнемді тұтыну;

Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

Жалпы орта мектеп түлегі:

тапсырмаларды тиімді орындау үшін қажетті академиялық және техникалық, заманауи технологиялар мен әдістер туралы білімінің болуы;
өзін-өзі ұйымдастыру, міндеттерге басымдық беру, жұмыс уақытын жоспарлау;
нәтижелерге қол жеткізу және жақсарту үшін күш салуға дайын болу;
еңбек әдебі мен сапа стандарттарын түсіну;
дамуға және оқуға үнемі ұмтылу.

Құндылық: жасампаздық және жаңашылдық

Құзыреттілік: шығармашылық

Жалпы орта мектеп түлегі:

зерттеу жүргізу және ғылыми тәсілді қолдану қабілеті;
ақпаратты талдау және бағалау;
жаңа идеяларды ұсыну;
заманауи цифрлық құралдар мен технологияларды меңгеру;
мақсаттарға жету үшін бастаманы ұсыну, жаңа мүмкіндіктер іздеу және идеяларды іске асыру
барысында ресурстарды тиімді пайдалану.

Әр айдың іс-шаралары :

күнделікті

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды
- «Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.
- «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу

• «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

• «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

• «Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу

• «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау апта сайын.

ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

1 қыркүйек – «Білім күні»

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні

Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні

Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні

Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

1	Білім күні. «Менің отаным - Қазақстан» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Салтанатты іс-шара /сынып сағаты	Сынып жетекшісі Жоламанова Қымбат	02.09
2	Зорлық зомбылық туралы «Зорлық зомбылыққа жол жоқ»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі Жоламанова Қымбат	04.09
3	<i>Жол қауіпсіздігі</i> Қауіпсіздік сабағы	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі Жоламанова Қымбат	11.09
4	Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылығы «Еңбек бәрін де жеңбек» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі Жоламанова Қымбат	18.09
5	Еңбек түбі- береке. <i>«Жол жүру ережелері»</i> Қауіпсіздік сабағы	Еңбек күніне арналған сынып сағаты	Сынып жетекшісі Жоламанова Қымбат	25.09

ҚАЗАН АЙЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ

1 қазан – Халықаралық қарттар күні

5 қазан – Мұғалімдер күні

24 қазан – Кітапханашылар күні

25 Қазан – Республика күні

6	«Тәуелсіздік және отаншылдық» құндылығы «Тәуелсіздік – ел мерейі»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі Жоламанова Қымбат	02.10
---	---	--------------	--------------------------------------	-------

	Қауіпсіздік сабағы (10 минут)			
7	“Тәуелсіздік- теңдесі жоқ байлығым”. Көлік құралдарының қозғалысы.	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі Жоламанова Қымбат	09.10
8	«Тәуелсіздік және отаншылдық» құндылығы «Тәуелсіздік – тірегім» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі Жоламанова Қымбат	16.10
9	«Республикам – мақтанышым!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Республика күніне арналған жалпы мектепшілік іс-шара және сынып сағаты	Сынып жетекшісі Жоламанова Қымбат	23.10

ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ

15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні

16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні

10	«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» «Түрлі жарақаттар алған жағдайда алғашқы медициналық көмек» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі Жоламанова Қымбат	06.11
11	15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні. Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі Жоламанова Қымбат	13.11
12	Әділдік және жауапкершілік құндылығы «Біздің қоғамдағы әділеттілік» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі Жоламанова Қымбат	20.11
13	Әділдік және жауапкершілік құндылығы «Ар-ұят және жауапкершілік» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі Жоламанова Қымбат	27.11

ЖЕЛТОҚСАН – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ

5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні				
16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
14	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі Жоламанова Қымбат	04.12
15	«Бірлік және ынтымақ» құндылығы «Ынтымақ, бірлік, келісім – ең басты байлық ел үшін» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі Жоламанова Қымбат	11.12
16	«Бірлік және ынтымақ» құндылығы «Ынтымақ – достық кепілі» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі Жоламанова Қымбат	18.12
17	«Бірлік және ынтымақ» құндылығы «Бірлік-менің таңдауым» <i>«Жол таңбаларының белгіленуі»</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі Жоламанова Қымбат	25.12
ҚАҢТАР – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ				
1 қаңтар – Жаңа жыл				
18	Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі Жоламанова Қымбат	15.01
19	«Заң және тәртіп» құндылығы «Заң және мен» <i>«Жол көлік оқиғаларына әкеп соқтыратын жол жағдайларын зерттеу»</i> Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі Жоламанова Қымбат	22.01
20	«Заң және Тәртіп» құндылығы «Тәртіп – тәрбие бастауы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі Жоламанова Қымбат	29.01
АҚПАН – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ				
14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні				
Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні				

21	Жасампаздық пен жаңашылдық құндылығы «Жаңашылдық – заман талабы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі Жоламанова Қымбат	05.02
22	«Буллингтен қорған!» <i>«Жол қозғалысының қауіпсіздігі»</i> Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі Жоламанова Қымбат	12.02
23	Жасампаздық пен жаңашылдық құндылығы «Бірлік пен жасампаздық» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі Жоламанова Қымбат	19.02
24	«Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі Жоламанова Қымбат	26.02

НАУРЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

1 наурыз – Алғыс айту күні

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі

30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні

25	«Алғыс – ізгі ниет» <i>«Жол қозғалысына қатысушылардың құқықтары мен міндеттері»</i> Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі Жоламанова Қымбат	05.03
26	Тәуелсіздік және отаншылдық құндылығы «Отаншылдық – ұлы қасиет» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі Жоламанова Қымбат	12.03
27	«Наурыз – жыл басы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі Жоламанова Қымбат	19.03

СӘУІР – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні

7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні

12 сәуір – Ғылым күні
 15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні
 18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні
 23 сәуір – Ұлттық кітап күні

28	«Біз таңдаған кітаптар» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі Жоламанова Қымбат	02.04
29	Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылығы Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Тіршілік негізі - еңбек»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі Жоламанова Қымбат	09.04
30	Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылығы «Білім мен біліктілік биікке бастайды» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі Жоламанова Қымбат	16.04
31	Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылығы «Еңбекқорлық» <i>«Жол-көлік оқигасы уақытындағы оқушылардың мінез-құлқы»</i> Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі Жоламанова Қымбат	23.04

МАМЫР – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні
 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні
 9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні
 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні
 18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні
 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні

32	«Біз әртүрліміз, бір теңбіз» <i>«Жаяу жүргіншілерге арналған жол жүру»</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі Жоламанова Қымбат	30.04
----	---	--------------	--------------------------------------	-------

	ережесі» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)			
33	Бірлік және ынтымақ құндылығы «Бірлік түбі – тірлік» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі Жоламанова Қымбат	14.05 (07.05)
34	Бірлік және ынтымақ құндылығы «Бірлік пен келісім» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі Жоламанова Қымбат	14.05
35	Бірлік және ынтымақ құндылығы «Білімім – Отаныма!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі Жоламанова Қымбат	21.05